

Аукциондық сатудан алынатын алымды төлеу тәртібі туралы Ережені бекіту

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 12 шілде N 953. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 шілдедегі N 734 ~P020734 қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Аукциондық сатудан алынатын алымды төлеу тәртібі туралы ұсынылып отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 12 шілдедегі
N 953 қаулысымен
бекітілген

Аукциондық сатудан алынатын алымды
төлеу тәртібі туралы
Е Р Е Ж Е
І. Жалпы Ережелер

1. Аукцион деп - көруге алдын-ала қойылған тауарларды күні бұрын белгіленген уақытта тауарларды көпшілік сауда жолымен сату өткізілетін белгілі жерде кезең-кезеңмен жұмыс істейтін арнайы ұйымдастырылған көпшілік сату, сауда түсініледі.

2. Бұл Ереже Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның аумақтық органдары, сандай-ақ салық инспекциялары өткізетін мамандандырылған аукциондарға қолданылмайды.

II. Алым төлеушілер

3. Аукциондарды өткізуші - заңды және жеке тұлғалар,

аукциондық сатудан алынатын алымды төлеушілер болып табылады.

III. Алым ставкалары

4. Аукциондық сатудан алынатын алым белгіленген тәртіппен аукциондық сатудан түскен түсімнің жалпы сомасынан 5 процент мөлшерінде есептеледі.

4-1. Соттар және басқа да органдардың қаулыларын атқару жөніндегі атқарушылық өндірісті қамтамасыз ететін әділет органдары өткізетін аукциондық сатулардан бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алым алынады.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 4-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999.09.07. N 1314 қаулысымен.

P991314_

IV. Алымды төлеу тәртібі мен мерзімі

5. Төлеушілер алымды белгіленген тәртіппен тауарларды аукциондық сатуды өткізуден алынатын түсімнің жалпы сомасына және белгіленген ставкаға қарай есептейді.

6. Аукциондық сатудан алынатын алымды төлеушілер осы Ережеге қосымшада келтірілген үлгі бойынша салық органдарына декларация тапсырып, алымды аукцион өткізілгеннен кейін 10 күннен кешіктірмей төлейді.

7. Аукцион сатудан алынатын алым жергілікті бюджетке есептеледі.

V. Төлеушінің жауапкершілігі және аукциондық сатудан алынатын алымның түсуіне бақылау жасау

8. Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес аукциондық сатудан алынатын алымды дұрыс есептеу және бюджетке уақытылы төлеу жауапкершілігі төлеушіге жүктеледі.

9. Аукциондық сатудан алынатын алымның түсуіне бақылау жасау

салық қызметі органдарына жүктеледі.

қосымша

жөніндегі салық
инспекциясына

төлеушінің аты

(Жауапты адамның) орындаушының
аты, жөні, фамилиясы _____

телефон _____

Аукциондық сатудан алынатын алым жөніндегі

Д Е К Л А Р А Ц И Я

_____ айы үшін

Аукцион өткізіледі _____

_____ мың теңге

199 жылғы " " _____

Көрсеткіштер : Сомма

- _____
1. Тауарларды аукциондық сатудан түскен түсім
 2. Алым ставкасы
 3. Аукциондық сатудан алынатын алым сомасы
 4. Алым төлеу мерзімі

Басшы _____

Бас бухгалтер _____

Салық инспекциясының
белгісі

Декларация 199 жылғы " " _____
алынды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК